# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

Менің Отаным Қазақстан - Тәуелсіз ел. Ата-бабаларымыз аңсап, армандап күткен күнге 16 желтоқсанда қол жеткіздік. Тәуелсіздік қазақ елінен оңай-оңай келмеді. Қаншама қан төгілді. Мен үшін елімнің тәуелсіздігі, тыныштығы, бейбітшілігі аса маңызды. Ата-бабаларымыз, батырларымыз қан мен терісін төгіп қорғаған жерімізді, азаттығын көксеген тәуелсіздігімізден айырылып қалсақ, "Қазақ" деген атымыз өшсе ата-бабамызды жерге қаратамыз. Тәуелсіздігіміздің басты нышандарының бірі халық тыныштығы, бейбітшілігі. Қазақстан Республикасында көптеген ұлттар бейбіт өмір сүріп жатыр. Халқымыздың бірлігі тәуелсіздікті өте маңызды. Халқымыз бір болса, бейбіт еліміз сақталады.

Тәуелсіздікті жеңу кезіндегі қазақ елі көп қиыншылық көрді. Алдымен батырларымыз Қазақстан жерін қорғап, елін бермей, қан шайқастардан өтіп, жерді кеңейтті. Кейін 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында жерімізді қорғаған (қаншама адам) жандардың қаны төгілді. Содан соң Тәуелсіздік жолындағы "Желтоқсан оқиғасы". Менің ойымша осы "Желтоқсан оқиғасы" Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуында аса маңызды рөл атқарды. Батыл қазақ жастары жиналып, алаңға шығып, Қазақстан елі - тәуелсіз Республика болсын деп сұрады. Оларды еліміз тыңдамады. СССР үкіметі оларға қарсы шықты. Бірақта олар артқа қайтпай, елімізден қорықпай, аяғына дейін барды. Бірақ осы жасаған істері үшін кейбіреулерін ордан шығарып, түрмеге отырғызды. Өлім жазасына кесілгендер де бар. Тәуелсіздік жолында қазақ жастары өз өмірлерін қиды. Бірақта Тәуелсіздікке жеттік. Менің ойымша ол жастардың батыл, әрбір адам бара алмайтын істері Тәуелсіздікті қазақ елінің бүгінгі тұрақты болды деп ойлаймын. Сол күндерден Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл болып қалды. Біздің болашақ ұрпақ тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін білуі керек, осы тәуелсіз ел болуымыз деп қан мен терінің төгілгенін ұмытпауы қажет. Тәуелсіздікті бағалап, еліміздің тыныштығын сақтауымыз керек. Еліміздің көркеюі, дамуы болашақ ұрпақтың қолында!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | ✓ | |
| 2 | | ✓ | | |
| 3 | | ✓ | | |
| 4 | ✓ | | | |
| 5 | ✓ | | | |
| 6 | | | | ✓ |
| 7 | | | | ✓ |
| 8 | ✓ | | | |
| 9 | | ✓ | | |
| 10 | | | ✓ | |
| 11 | ✓ | | | |
| 12 | | | ✓ | |
| 13 | | | | ✓ |
| 14 | | | | ✓ |
| 15 | | | ✓ | |
| 16 | | ✓ | | |
| 17 | | | ✓ | |
| 18 | | | | ✓ |
| 19 | | | | ✓ |
| 20 | | ✓ | | |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ